



Адам өмірін арашалайтын техника: Мақат ауруханасы жаңа жабдықпен толықты

МАҚАТ АУДАНДЫҚ АУРУХАНАСЫНА NCOS КОМПАНИЯСЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ИНВЕСТИЦИЯЛАР БАҒДАРЛАМАСЫ АЯСЫНДА ЕКІ ЗАМАНАУИ РЕАНИМОБИЛЬ МЕН МОБИЛЬДІ ЦИФРЛЫҚ РЕНТГЕНОГРАФИЯЛЫҚ ҚҰРЫЛҒЫ ТАБЫСТАЛДЫ. ЖАҢА МЕДИЦИНАЛЫҚ ТЕХНИКА АУДАН ТҰРҒЫНДАРЫНА КӨРСЕТІЛЕТІН МЕДИЦИНАЛЫҚ КӨМЕКТІҢ САПАСЫН АРТТЫРЫП, ШҰҒЫЛ ЖАҒДАЙЛАРДА ДӘРІГЕРЛЕРДІҢ ЖҰМЫСЫН ЕДӘУІР ЖЕҢІЛДЕТПЕК.

Санитарлық көлік қана емес, шағын реанимация бөлімшесі

Жаңа жабдықтарды табыстау рәсіміне Мақат ауданы әкімі Азамат Мәмбетов, Атырау облысы денсаулық сақтау басқармасы басшысының орынбасары Әлия Джанғалиева, NCOS компаниясының Өңірлік мемлекеттік органдармен, жұртшылықпен және бақылаушы органдармен өзара байланыс жөніндегі бас менеджері Максим Азаматов, медицина қызметкерлері мен аудан тұрғындары қатысты. Мақат ауданы жалпы географиялық орналасуы жағынан денсаулық сақтау саласына ерекше жауапкершілік жүктейді. Аудан арқылы республикалық және облыстық маңызы бар автожолдар өтетіндіктен, мұнда жол-көлік оқиғалары мен шұғыл медициналық көмекті қажет ететін жағдайлар аз емес. Осындай

сәттерде науқасқа дер кезінде жетіп, алғашқы медициналық көмекті сапалы көрсету – адам өмірін сақтап қалудың негізгі шарты екені түсінікті.

Осы қажеттілікті ескере отырып, ауруханаға толық жетекті екі «Toyota Hiace High Roof» реанимобилі берілді. «Мұны жай ғана санитарлық көлік емес, шағын реанимация бөлімшесі деуге болады. Автокөліктер жасанды тыныс алдыру аппараттарымен, дефибрилятор-мониторлармен, электрокардиографтармен, пациенттің өмірлік маңызды көрсеткіштерін бақылайтын мониторлармен және басқа да заманауи медициналық жабдықтармен қамтамасыз етілген. Мұндай техника дәрігерлерге ауыр халдегі науқастарды облыстық немесе мамандандырылған медициналық орталықтарға жеткізу кезінде де толыққанды медициналық көмек көрсетуге мүмкіндік береді. Бұрын тасымалдау барысында қауіп тудыратын көптеген жағдайлар енді арнайы

жабдықтардың көмегімен бақылауда болады. Әсіресе инфаркт, инсульт, ауыр жаракат алған немесе жол-көлік оқиғасынан зардап шеккен азаматтарды тасымалдауда реанимобильдердің маңызы зор» дейді облыстық денсаулық сақтау басқармасы басшысының орынбасары Әлия Джанғалиева.

Рентгенографиялық аппараттың маңызы неде?

Жобаның тағы бір маңызды бөлігі – мобильді цифрлық рентгенографиялық аппараттың табысталуы. Бұл құрылғы дәрігерлерге ауыр жағдайдағы науқастарды арнайы рентген кабинетіне апармай-ақ, оларды жатқан орнында тексеру жүргізуге мүмкіндік береді. Әсіресе жансақтау бөлімінде жатқан немесе қозғалысы шектеулі пациенттер үшін мұндай мүмкіндік аса маңызды.

Цифрлық жүйенің тағы бір артықшылығы – жоғары сапалы кескінді санаулы минут ішінде алу. Соның нәтижесінде дәрігерлер өкпе ауруларын, сүйек сынуларын, жаракаттарды және басқа да патологияларды жылдам анықтап, емдеу тактикасын кешіктірмей белгілей алады. Ал, диагноздың уақытылы қойылуы – тиімді емнің және асқынудың алдын алудың басты кепілі екені айтпасақ та түсінікті.

Медицина саласының мамандары

қазіргі таңда өңірлік ауруханалардың материалдық-техникалық базасын жаңарту халық денсаулығын жақсартудың негізгі факторларының бірі екенін айтады. Заманауи құрал-жабдықтар тек қызмет сапасын арттырып қоймай, дәрігерлердің жұмысын жеңілдетіп, пациенттердің уақытын үнемдейді.

Қызмет сапасы артады

Іс-шара барысында аудан әкімі Азамат Мәмбетов жаңа медициналық техниканың аудан тұрғындары үшін маңызы зор екенін

халықтың денсаулығына жасалған қамқорлық» дейді ол.

Мақат ауданының тұрғыны Ерлан Сәрсенов тұрғындар үшін әр медициналық жабдықтың маңызы ерекше екенін айтады. «Бұрын күрделі тексерулер үшін облыс орталығына баруға тура келетін жағдайлар болатын. Енді аудандық аурухананың мүмкіндігі артып жатқаны қуантады. Мұндай қолдау дәрігерлердің жұмысын жеңілдетіп қана қоймай, тұрғындардың уақытын үнемдеп, сапалы медициналық көмек алуына ықпал етеді деп сенемін» дейді ол.



Қорыта айтқанда...

Айта кету керек, NCOS әлеуметтік жобаларды жүйелі түрде жүзеге асырып келеді. 1998 жылдан 2024 жылға дейін компания Атырау және Маңғыстау облыстарында 239 әлеуметтік және инфрақұрылымдық жобаны іске асырған. Аталған жобалардың жалпы құны 926 миллион АҚШ долларынан асады. Оның қатарында денсаулық сақтау, білім беру, мәдениет және инженерлік инфрақұрылым нысандары бар.

Мақат аудандық ауруханасына табысталған жаңа техника – әлеуметтік серіктестіктің нақты нәтижесі. Екі реанимобиль мен мобильді цифрлық рентген жүйесі тұрғындардың сапалы медициналық көмекке қолжетімділігін арттырып қана қоймай, дәрігерлердің мүмкіндігін кеңейтеді. Ең бастысы – шұғыл жағдайда уақыт ұтпай, талай адамның өмірін сақтап қалуға қызмет етеді.

Қалай десек те, алғашқы медициналық көмектің сапасы көп жағдайда дәрігердің біліктілігімен қатар, оның қолындағы заманауи техниканың мүмкіндігіне қарай өлшенеді. Әсіресе, адам өміріне қауіп төнген сәтте уақытпен санасатын жедел жәрдем қызметі үшін сенімді көлік пен жоғары дәлдіктегі диагностикалық құралдардың маңызы ерекше. Осы тұрғыдан алғанда, Мақат аудандық ауруханасының материалдық-техникалық базасының жаңа медициналық техникамен толықтырылуы – аудан тұрғындары үшін маңызды жаңалық болды.

Баян ЖАНУЗАҚОВА

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

«ЕУРАЗИЯЛЫҚ БАНК» АҚ СЕНІМ БІЛДІРІЛГЕН ТҮЛҒАСЫ КЕПІЛГЕ САЛЫНҒАН МҮЛІККЕ САУДА-САТТЫҚ ЖҮРГІЗІЛЕТІНІ ТУРАЛЫ ЖАРИЯЛАЙДЫ

Лот №1. Chevrolet Onix маркалы автокөлік, 2023 жылы шығарылған, шанақ №MX1CNAAXR000982, тіркеу нөмірі 330AEZ06, түсі Cyp/Gray, көлемі – 1 199 см.
Сауда-саттық голандия әдісі бойынша 2026 жылғы «23» шілде сағат 09:30 Атырау к., Құлманов көш., 107 мекен-жайы бойынша орналасқан Атырау қаласындағы «Еуразиялық Банк» АҚ №8 филиалының ғимаратында өтеді.
Кепілге салынған мүліктің бастапқы құны: 3 542 000 (үш миллион бес жүз қырық екі мың) теңге.
Өзгерту қадамы: 35 420 (отыз бес мың төрт жүз жиырма) теңге.
Сауда-саттыққа қатысу шарттары:
1. Сауда-саттыққа қатысу үшін өтініш беру және «Еуразиялық банк» АҚ-ның Атырау қаласындағы №8 филиалындағы №KZ4194800KZT28600309 шотына аудару қажет (БИК – EURIKZKA, BSN – бастапқы бағадан кемінде 5% мөлшерінде 050241002552) кепілдік жарна: 177 100 (жүз жетпіс жеті мың бір жүз) теңге.
2. Сауда-саттыққа қатысу үшін өтінімдерді сенім білдірілген тұлға 2026 жылғы «22» шілде күні сағат 17:00-ге дейін қабылдайды.
3. Сауда-саттық жеңімпазы сатып алу сомасын кепілдік жарнаны ескере отырып, «Еуразиялық банк» АҚ-ның Атырау қаласындағы №8 филиалындағы (БИК – EURIKZKA, BSN – 050241002552) №KZ4194800KZT28600309 шотына өткізілген сауда-саттық күнінен бастап 5 жұмыс күні ішінде төлеуі қажет.
4. Барлық сұрақтар бойынша сенім білдірілген өкіл Ақынбаев Әсет Асқарұлына мына мекен-жай бойынша: Атырау қаласы, Құлманов көшесі, 107, тел: 87027988270

Лот №2. Toyota Sienna маркалы автокөлігі, 2011 жылы шығарылған, шанағы №5TDKK3DC4BS146801, тіркеу нөмірі 087ADN06, түсі Cyp/Gray, көлемі – 2 700 текше см.
Сауда-саттық голандия әдісі бойынша 2026 жылғы «23» шілде сағат 10:00 Атырау к., Құлманов көш., 107 мекен-жайы бойынша орналасқан Атырау қаласындағы «Еуразиялық Банк» АҚ №8 филиалының ғимаратында өтеді.
Кепілге салынған мүліктің бастапқы құны: 2 852 000 (екі миллион сегіз жүз елу екі мың) теңге.
Өзгерту қадамы: 28 520 (жиырма сегіз мың бес жүз жиырма) теңге.
Сауда-саттыққа қатысу шарттары:
1. Сауда-саттыққа қатысу үшін өтініш беру және «Еуразиялық банк» АҚ-ның Атырау қаласындағы №8 филиалындағы №KZ4194800KZT28600309 шотына аудару қажет (БИК – EURIKZKA, BSN – бастапқы бағадан кемінде 5% мөлшерінде 050241002552) кепілдік жарна: 142 600 (бір жүз қырық екі мың алты жүз) теңге.
2. Сауда-саттыққа қатысу үшін өтінімдерді сенім білдірілген тұлға 2026 жылғы «22» шілде күні сағат 17:00-ге дейін қабылдайды.
3. Сауда-саттық жеңімпазы сатып алу сомасын кепілдік жарнаны ескере отырып, «Еуразиялық банк» АҚ-ның Атырау қаласындағы №8 филиалындағы (БИК – EURIKZKA, BSN – 050241002552) №KZ4194800KZT28600309 шотына өткізілген сауда-саттық күнінен бастап 5 жұмыс күні ішінде төлеуі қажет.
4. Барлық сұрақтар бойынша сенім білдірілген өкіл Ақынбаев Әсет Асқарұлына мына мекен-жай бойынша: Атырау қаласы, Құлманов көшесі, 107, тел: 87027988270

Лот №3. Lada Largus маркалы автокөлік, 2019 жылы шығарылған, шанақ №XWWS045LK1189704, тіркеу нөмірі 967ACH06, түсі Ak/White, көлемі – 1 596 см.
Сауда-саттық голандия әдісі бойынша 2026 жылғы «23» шілде сағат 10:30 Атырау к., Құлманов көш., 107 мекен-жайы бойынша орналасқан Атырау қаласындағы «Еуразиялық Банк» АҚ №8 филиалының ғимаратында өтеді.
Кепілге салынған мүліктің бастапқы құны: 2 928 000 (екі миллион тоғыз жүз жиырма сегіз мың) теңге.
Өзгерту қадамы: 29 280 (жиырма тоғыз мың екі жүз сексен) теңге.
Сауда-саттыққа қатысу шарттары:
1. Сауда-саттыққа қатысу үшін өтініш беру және «Еуразиялық банк» АҚ-ның Атырау қаласындағы №8 филиалындағы №KZ4194800KZT28600309 шотына аудару қажет (БИК – EURIKZKA, BSN – бастапқы бағадан кемінде 5% мөлшерінде 050241002552) кепілдік жарна: 146 400 (бір жүз қырық алты мың төрт жүз) теңге.
2. Сауда-саттыққа қатысу үшін өтінімдерді сенім білдірілген тұлға 2026 жылғы «22» шілде күні сағат 17:00-ге дейін қабылдайды.
3. Сауда-саттық жеңімпазы сатып алу сомасын кепілдік жарнаны ескере отырып, «Еуразиялық банк» АҚ-ның Атырау қаласындағы №8 филиалындағы (БИК – EURIKZKA, BSN – 050241002552) №KZ4194800KZT28600309 шотына өткізілген сауда-саттық күнінен бастап 5 жұмыс күні ішінде төлеуі қажет.
4. Барлық сұрақтар бойынша сенім білдірілген өкіл Ақынбаев Әсет Асқарұлына мына мекен-жай бойынша: Атырау қаласы, Құлманов көшесі, 107, тел: 87027988270

Лот №4. Nissan Altima маркалы автокөлігі, 2007 жылы шығарылған, шанағы №1N4AL21E78N408436, тіркеу нөмірі 017ADL06, түсі Cyp/Gray, көлемі – 2 488 текше см.
Сауда-саттық ағылшын әдісі бойынша 2026 жылғы «23» шілде сағат 11:00 Атырау к., Құлманов көш., 107 мекен-жайы бойынша орналасқан Атырау қаласындағы «Еуразиялық Банк» АҚ №8 филиалының ғимаратында өтеді.
Кепілге салынған мүліктің бастапқы құны: 694 000 (алты жүз тоқсан төрт мың) теңге.
Өзгерту қадамы: 6 940 (алты мың тоғыз жүз қырық) теңге.
Сауда-саттыққа қатысу шарттары:
1. Сауда-саттыққа қатысу үшін өтініш беру және «Еуразиялық банк» АҚ-ның Атырау қаласындағы №8 филиалындағы №KZ4194800KZT28600309 шотына аудару қажет (БИК – EURIKZKA, BSN – бастапқы бағадан кемінде 5% мөлшерінде 050241002552) кепілдік жарна: 34 700 (отыз төрт мың жеті жүз) теңге.
2. Сауда-саттыққа қатысу үшін өтінімдерді сенім білдірілген тұлға 2026 жылғы «22» шілде күні сағат 17:00-ге дейін қабылдайды.
3. Сауда-саттық жеңімпазы сатып алу сомасын кепілдік жарнаны ескере отырып, «Еуразиялық банк» АҚ-ның Атырау қаласындағы №8 филиалындағы (БИК – EURIKZKA, BSN – 050241002552) №KZ4194800KZT28600309 шотына өткізілген сауда-саттық күнінен бастап 5 жұмыс күні ішінде төлеуі қажет.
4. Барлық сұрақтар бойынша сенім білдірілген өкіл Ақынбаев Әсет Асқарұлына мына мекен-жай бойынша: Атырау қаласы, Құлманов көшесі, 107, тел: 87027988270

Лот №5. Hyundai Getz маркалы автокөлігі, 2008 жылы шығарылған, шанағы №KMNBUS1BP9U879676, тіркеу нөмірі 423AEQ06, түсі Қара/Black, көлемі – 1 598 текше см.
Сауда-саттық ағылшын әдісі бойынша 2026 жылғы «23» шілде сағат 11:30 Атырау к., Құлманов көш., 107 мекен-жайы бойынша орналасқан Атырау қаласындағы «Еуразиялық Банк» АҚ №8 филиалының ғимаратында өтеді.
Кепілге салынған мүліктің бастапқы құны: 1 596 000 (бір миллион бес жүз тоқсан алты мың) теңге.
Өзгерту қадамы: 15 960 (он бес мың тоғыз жүз алпыс) теңге.
Сауда-саттыққа қатысу шарттары:
1. Сауда-саттыққа қатысу үшін өтініш беру және «Еуразиялық банк» АҚ-ның Атырау қаласындағы №8 филиалындағы №KZ4194800KZT28600309 шотына аудару қажет (БИК – EURIKZKA, BSN – бастапқы бағадан кемінде 5% мөлшерінде 050241002552) кепілдік жарна: 79 800 (жетпіс тоғыз мың сегіз жүз) теңге.
2. Сауда-саттыққа қатысу үшін өтінімдерді сенім білдірілген тұлға 2026 жылғы «22» шілде күні сағат 17:00-ге дейін қабылдайды.
3. Сауда-саттық жеңімпазы сатып алу сомасын кепілдік жарнаны ескере отырып, «Еуразиялық банк» АҚ-ның Атырау қаласындағы №8 филиалындағы (БИК – EURIKZKA, BSN – 050241002552) №KZ4194800KZT28600309 шотына өткізілген сауда-саттық күнінен бастап 5 жұмыс күні ішінде төлеуі қажет.
4. Барлық сұрақтар бойынша сенім білдірілген өкіл Ақынбаев Әсет Асқарұлына мына мекен-жай бойынша: Атырау қаласы, Құлманов көшесі, 107, тел: 87027988270.

Лот №6. Ravon Nexia R3 маркалы автокөлігі, 2017 жылы шығарылған, шанағы №MX1TA69V9HA021178, тіркеу нөмірі 745AEY06, түсі Cyp/Gray, көлемі – 1 485 текше см.
Сауда-саттық ағылшын әдісі бойынша 2026 жылғы «23» шілде сағат 12:00 Атырау к., Құлманов көш., 107 мекен-жайы бойынша орналасқан Атырау қаласындағы «Еуразиялық Банк» АҚ №8 филиалының ғимаратында өтеді.
Кепілге салынған мүліктің бастапқы құны: 1 596 000 (бір миллион бес жүз тоқсан алты мың) теңге.
Өзгерту қадамы: 15 960 (он бес мың тоғыз жүз алпыс) теңге.
Сауда-саттыққа қатысу шарттары:
1. Сауда-саттыққа қатысу үшін өтініш беру және «Еуразиялық банк» АҚ-ның Атырау қаласындағы №8 филиалындағы №KZ4194800KZT28600309 шотына аудару қажет (БИК – EURIKZKA, BSN – бастапқы бағадан кемінде 5% мөлшерінде 050241002552) кепілдік жарна: 79 800 (жетпіс тоғыз мың сегіз жүз) теңге.
2. Сауда-саттыққа қатысу үшін өтінімдерді сенім білдірілген тұлға 2026 жылғы «22» шілде күні сағат 17:00-ге дейін қабылдайды.
3. Сауда-саттық жеңімпазы сатып алу сомасын кепілдік жарнаны ескере отырып, «Еуразиялық банк» АҚ-ның Атырау қаласындағы №8 филиалындағы (БИК – EURIKZKA, BSN – 050241002552) №KZ4194800KZT28600309 шотына өткізілген сауда-саттық күнінен бастап 5 жұмыс күні ішінде төлеуі қажет.
4. Барлық сұрақтар бойынша сенім білдірілген өкіл Ақынбаев Әсет Асқарұлына мына мекен-жай бойынша: Атырау қаласы, Құлманов көшесі, 107, тел: 87027988270.

«АЕКК Munai» ЖШС қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы хабарлайды

Жобаның атауы:

- 2027-2036 жылдарға арналған «АЕКК Munai» ЖШС үшін «Қаратайқыз» кен орнын өнеркәсіптік игеру кезеңіне жол берілетін шығарындылар нормативтерінің жобасы;
- 2027-2036 жылдарға арналған «АЕКК Munai» ЖШС үшін «Қаратайқыз» кен орны үшін қалдықтарды басқару бағдарламасы;
- 2027-2036 жылдарға арналған «АЕКК Munai» ЖШС үшін «Қаратайқыз» кен орны үшін өндірістік экологиялық бақылау;
- 2027-2036 жылдарға арналған «АЕКК Munai» ЖШС үшін «Қаратайқыз» кен орны үшін қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспары бойынша ашық жиналыстар нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізеді.

Өкімшілік-аумақтық бірліктердің тізімі: Атырау обл., Жылыой ауданы, Қара арна ауылдық округі, Шоқпартоғай ауылы, Б.Нурмағамбетов 374 көшесі, Өкімдік мәжіліс залы.

Қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күн, уақыт және орын – 2026 жылғы 19 тамыз сағат 10:00-де, Жылыой ауданы, Қара арна ауылдық округі, Шоқпартоғай ауылы, Б.Нурмағамбетов 374 көшесі, Өкімдік мәжіліс залы.

Атырау облысының аумағында карантиндік режим енгізілген жағдайда қоғамдық тыңдаулар бейнеконференция арқылы өткізілетін болады: <https://us05web.zoom.us/j/88989820038?pwd=sedbOjRjZadjkku1NRzbHcKeQg1Ce9r.1>

Конференция идентификаторы 889 8982 0038, қосылу коды Aa2026.

Бастамашының деректемелері мен байланыс деректері: «АЕКК Munai» ЖШС, Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы, Астана ауданы, Өбілқайыр Хан даңғылы, 56Б СТ-Е, 1 Т.Е.Б., BSN 190840016537, эколог – Нурымова Айнуp Тaстaнбeкoвнa, тел.: +7 778 678 27 81.

Әзірлеушінің деректемелері мен байланыс деректері: «Мунай Энерджи Групп» ЖШС, Астана к., байланыс тұлғасы: Шакирова А.И., тел.: +7 775 641 41 41.

Жоба бойынша құжаттама орналастырылған жергілікті атқарушы органның бірыңғай экологиялық порталына және интернет-ресурсына сілтеме: <https://ndbecology.gov.kz>, <https://www.gov.kz/memleket/entities/atyrau-tabigat?lang=ru>

Қосымша ақпарат алу үшін электрондық пошта мекенжайы және телефон нөмірі: atn@aekk.kz, тел.: +7 778 678 27 81.

Қоғамдық тыңдауларды ұйымдастыруға жауапты жергілікті атқарушы органның электрондық және пошталық мекен-жайы – Атырау облысы Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы: atr.prigoda@atyrau.gov.kz, г. Атырау, Өйтеке би көшесі 77, тел.: 8 (7122) 35-45-59.